

ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША КОНСПЕКТІСІ

№ 1 дәріс

Тақырыбы: Дәрілік заттардың негізгі көздері, түрлері және алу жолдары, жаңа ДЗ құрудың болашағы, олардың жіктелуі.

Дәрістің мақсаты: Дәрілік заттардың негізгі көздері, түрлері және олардың жіктелуі мен алу жолдары туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Дәрілік заттарды алудың негізгі көздері; оларды синтездеудің жолдары және әдістері. Дәрілік заттардың жіктелуі. Дәрілік заттарды зерттеу мәселелерінің негізгі көздері мен алу жолдары арасындағы өзара байланыс (бастапқы, аралық және қосымша өнімдер мқлшері, сапа көрсеткіштерінің қалыптасуы). ББЗ құрылысы және оның ағзаға әсері арасындағы байланыс. Маңызды функционалды топтар және құрылымдық фрагменттердің биологиялық белсенділікке әсерінің негізгі заңдылықтары.

№ 2 дәріс

Тақырыбы: Дәрілік заттардың сапасын реттемелеуші мемлекеттік заңдар мен ережелер (GMP рөлі, МФ, ФМ, ЖФМ). Талдау әдістерінің валидациясы

Дәрістің мақсаты: Студенттерді дәрілік заттардың сапасын реттемелеуші мемлекеттік заңдар мен ережелер таныстыру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Дәрілік заттарды және түрлерді стандарттау; нормативтік құжаттама (НҚ): Мемлекеттік фармакопея (МФ), жалпы фармакопеялық мақалалар (ЖФМ), фармакопеялық мақалалар (ФМ), техникалық шарттар (ТШ). Фармакопеялық мақалалардың заңнамалық сипаты. НҚ жалпы сипаттамасы (талаптар, нормалар және сапа бақылау).

№ 3-4 дәріс

Тақырыбы: Дәрілік заттарды стандарттау және сертификаттау. ДЗ сапасын бақылауды ұйымдастыру. ДЗ тұрақтылығы, сақталу және жарамдылық мерзімі.

Дәрістің мақсаты: Дәрілік заттарды стандарттау және сертификаттау. ДЗ сапасын бақылауды ұйымдастыруы туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: ДЗ сапасын бақылауды ұйымдастырудың заманауи халықаралық концепциясы. Халықаралық стандарттарға сай дәрілік заттар сапасын қамтамасыз ету. Зертханалық тәжірибеге тиісті ережелер (Good Laboratory Practice – GLP). Клиникалық тәжірибеге тиісті ережелер (Good Clinical Practice – GCP). Өндірістік тәжірибеге тиісті ережелер (Good Manufacturing Practice – GMP). ДЗ тұрақтылығының критерийлері. Дәрілік заттарды сақтау барсында өтетін физика-химиялық және химиялық үрдістер. ДЗ тұрақтылығына алу, сақтау, тасымалдау шарттарының әсері.

№ 5 дәріс

Тақырыбы: Фармацевтикалық талдаудың заманауи әдістері. Дәрілік заттарды анықтаудың химиялық тәсілдері.

Дәрістің мақсаты: Фармацевтикалық талдаудың заманауи әдістері. Дәрілік заттарды анықтаудың химиялық тәсілдері туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Фармацевтикалық талдау Дәрілік заттарды талдаудың қажеттігі. Қазақстан республикасындағы дәрілік заттар өндірісі. Синтетикалық дәрілік заттар. Дәрілік заттарды фармацевтикалық талдаудың негізгі

принциптері және анализ әдістері. Химиялық анализ әдістері. Жалпы дәрілік заттардың шынайылығын талдау. Дәрілік заттардың шынайылығын анықтауға арналған жалпы реакциялар.

№ 6-7 дәріс

Тақырыбы: Дәрілік заттар ретінде қолданылатын табиғи қосылыстардың жалпы сипаттамасы.

Дәрістің мақсаты: Дәрілік заттар ретінде қолданылатын табиғи қосылыстардың жалпы сипаттамасына түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Өсімдікте бірінші және екінші ретте синтезделетін заттар. Дәрілік заттар ретінде қолданылатын ББЗ туралы жалпы түсінік, олардың қасиеттері және алу жолдары.

№ 8-9 дәріс

Тақырыбы: Фитопрепараттар құрамындағы моно-, ди-, полисахаридтер және олардың туындыларын талдау әдістері.

Дәрістің мақсаты: Фитопрепараттар құрамындағы моно-, ди-, полисахаридтер және олардың туындыларын химиялық талдау әдістері туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Моно-, ди-, полисахаридтер және олардың туындыларының жалпы сипаттамасы. Қасиеттері. Алу жолдары. Моно-, ди-, полисахаридтер негізіндегі дәрілік заттарды сапалық және сандық талдау әдістері.

№ 10-11 дәріс

Тақырыбы: Фитопрепараттар құрамындағы амин қышқылдарды талдау әдістері.

Дәрістің мақсаты: Фитопрепараттар құрамындағы амин қышқылдарды химиялық талдау әдістері туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Алифатты, ароматты қатардағы амин қышқылдары және олардың туындыларының жалпы сипаттамасы. Қасиеттері. Алу жолдары. Алифатты, ароматты қатардағы амин қышқылдары негізіндегі дәрілік заттарды сапалық және сандық талдау әдістері.

№ 12-13 дәріс

Тақырыбы: Фитопрепараттар құрамындағы фенилпропаноидты қосылыстарды талдау әдістері.

Дәрістің мақсаты: Фитопрепараттар құрамындағы фенилпропаноидты қосылыстарды химиялық талдау әдістері туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Фенилпропаноидты қосылыстардың жалпы сипаттамасы. Жіктелуі. Қасиеттері. Алу жолдары. Фенилпропаноидты қосылыстардың негізіндегі дәрілік заттарды сапалық және сандық талдау әдістері.

№ 14-15 дәріс

Тақырыбы: Дәрілік заттарды талдаудағы хроматографиялық әдістер. Табиғи қосылыстарды идентификациялауға қолданылуы.

Дәрістің мақсаты: Дәрілік заттарды талдаудағы хроматографиялық әдістер және табиғи қосылыстарды идентификациялауға қолданылуы туралы түсінік беру.

Дәрістің қысқаша мазмұны: Дәрілік заттарды талдаудағы әртүрлі хроматография әдістері (ЖҚХ, ГСХ, ЖЭСХ және т.б.) жайлы сипаттама және олардың табиғи қосылыстарды идентификациялауға қолданылуы.